

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№2 Ө.ЖӘНІБЕКОВ
АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №2
ИМЕНИ У.ЖАНИБЕКОВА»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

160905 Абай ауылы, М.Артыков көшесі №5 В

160905 село Абай, улица М.Артыков, №5 В

БҰЙРЫҚ

№ 43

13.04.2023 жыл

ПРИКАЗ

**«2022-2023 оқу жылын аяқтау және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы»**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, 2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығы бойынша тиісті іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

I Оқу жылын аяқтау оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес бекітілсін:

1. Оқу сабақтарының аяқталуы - 2023 жылғы 31 мамыр;
2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары - 2023 жылғы 2-13 маусым аралығы.
3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5-19 маусым аралығы.

II Қорытынды аттестаттауды өткізу оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес төмендегіше бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1. Оқыту тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - **2023 жылғы 2 маусым;**
2. Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - **2023 жылғы 6 маусым;**

3. Өзге тілдерде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - **2023 жылғы 9 маусым;**

4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - **2023 жылғы 13 маусым;**

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1. Оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5 маусым;

2. Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - **2023 жылғы 8 маусым;**

3. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - **2023 жылғы 12 маусым;**

4. Өзге тілдерде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - **2023 жылғы 15 маусым;**

5. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - **2023 жылғы 19 маусым.**

III Жоғарыдағы бекітілген күндері санитарлық талаптарға сай қорытынды аттестаттау өткізілсін және осылардың негізінде тиісті дайындық іс-шаралары жүргізілсін.

IV Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері ағымдағы жылғы тамыз айында оқу жылының жұмыс қорытындылары бойынша мектеп жанынан құрылған Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен педагогикалық кеңесте талқылансын.

V Педагогикалық кеңесте оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдансын.

VI Осы бұйрықтың орындалуы мен басшылықты өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры:



Р.Табылдиева